

Әкімдіктің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 309 "Субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қазандағы № 446 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қазанда № 5975 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 55 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы әкімдігінің 09.02.2016 № 55 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/306 "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 309 "Субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5771 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 тамызда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулының "Субсидияланатын гербицидтердің түрлері және гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидиялар нормалары" деген қосымшасы мынадай мазмұндағы 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213-тармақтармен толықтырылсын:

"

194	ЛОРНЕТ, с.е. (клопиралид, 300 г/л)	литр	50 4025
195	СКАУТ, м.с.э. (феноксапроп-п-этил 140 г/л + клодинафоп-пропаргил 90 г/л + флоквинтоцет-мексил 72 г/л)	литр	50 3747
196	СОНРАУНД, 48% с.е. (глифосат, 360 г/л)	литр	50 700
197	ЭЛАНТ ПРЕМИУМ, к.э. (2-этилгексильный эфир 2,4-Д кислоты, 420 г/л + 2-этилгексильный эфир дикамбы кислоты, 60 г/л)	литр	50 825
	2,4-Д ЭФИРАН, 82% с.е. (2-этилгексильный эфир 2,4 дихлорфеноксиуксусной		

198	кислоты, 820 г/л)	литр	30 499
199	АКТИВО, с.д.т. (трибенурон-метил, 375 г/кг + тифенсульфурон-метил, 375 г/кг)	килограмм	30 19985
200	БАНВЕЛ 480, с.е. (дикамба, 480 г/л)	литр	30 832
201	ГРЕЙЗ, 60% с.д.т. (метсульфурон-метил, 600 г/кг)	килограмм	30 4456
202	ДЕФОЛТ, с.е. (глифосат, 360 г/л)	литр	30 360
203	КАНОНИР, қ.а.с. (тифенсульфурон-метил 750 г/кг)	килограмм	30 13878
204	КАРБУЗИН, 70% с.ұ. (метрибузин, 700 г/кг)	килограмм	30 1498
205	КРЕДИТ ИКСТРИМ, с.к. (глифосат в виде изопропиламинной и калийной солей, 540 г/л)	литр	30 564
206	МАГNUM СУПЕР, с.д.т. (метсульфурон-метил, 300 г/кг + трибенурон-метил, 450 г/кг)	килограмм	30 10695
207	МЕГА СТАР, 60% с.ұ. (метсульфурон-метил, 600 г/кг)	килограмм	30 8399
208	СЕЛЕКТ, к.э. (клетодим, 120 г/л)	литр	30 1221
209	СТРАТОС УЛЬТРА, 10% к.э. (циклоксидим, 100 г/л)	литр	30 986
210	ТЕРЕКС, с.е. (глифосат кислоты 540 г/л)	литр	30 480
211	ЭСТЕРОН 600, к.э. (2,4-Д кислота в виде 2-этилгексилового эфира, 905 г/л)	литр	30 554
212	ФОРВАРД, май.к.э.(хизалофоп-п-этил, 60 г/л)	литр	30 1062
213	ЛОНТРЕЛ 300, с.е. (клопиралид, 300 г/л)	литр	30 2232

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мұхамбетов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мамытбеков